

ӨЛКЕТАНУ КУРСЫНДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ

Нұрханов М.Ә., Амиров М.С.,

БІ. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

Қазіргі таңда ХХІ-ғасырға аяқ басқан кезімізде адамзат баласының айналасын қоршаған орта мен оның күрделі экологиялық мәселелерін шешу – Қазақстан Республикасының мемлекеттік көлемдегі саяси-экономикалық маңызы зор проблемаларының бірі.

Халқымыз табиғатты анаға теңеген. Өйткені табиғатта тіршілік өсіп-өнеді. Өзіндегі барды адамға, жан-жануар, құстар, жәндіктерге т.б. береді. Қазақ халқының табиғатқа сүйіспеншілігін күнделікті қолданылатын заттарынан анық байқауға болады. Мысалы, түскиіздегі ою-өрнек, хош иісті гүлдерді бейнелеуі, сырмақтағы қошқар мүйіз, құс тұмсықтары мен қанаттары адамның табиғатқа құштарлығынан туындаған.

Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасыда «Орта білім берудің басты мақсаты – жылдам өзгеріп отырған дүние жағдайларында алынған терең білімнің, кәсіби дағдыларының негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру» делінген. Демек, жалпы білім беретін мектептердегі және жоғары оқу орындарындағы жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзат мәдени мұрасының сабақтастығын сақтай отырып оқыту, тәрбиелеу, әрбір шәкіртті жеке тұлға ретінде жан-жақты дамыту ұстаздардың алдына қойылған басты мақсат /1/.

Қазақстан Республикасының географиялық жағынан Еуразияның орталығында орналасқан. Жер көлемі жөнінен әлемде Ресей, Канада, Қытай, АҚШ, Бразилия, Австралия, Үндістан және Аргентинадан кейінгі тоғызыншы орын алады. Осындай кең байтақ еліміздің, табиғат байлықтары мол жеріміздің қаймағын бұзбай келер ұрпаққа жеткізу бүкіл қазақ халқының аманаты. Осыған байланысты ел басшысы Н.Ә. Назарбаевтың өзінің «Қазақстан-2030» стратегиялық жолдауында: «Табиғатқа жанашырлық жасау, бұл адамзаттың келешегіне жақсылық жасау болып табылады. Қазіргі кезде экологиялық жағдайдың нашарлауы адам денсаулығына өз әсерін тигізіп отыр, сондықтан болашақ ұрпаққа экологиялық білім мен тәрбие беруді үздіксіз жүргізу қажет» – делінген /2/.

Соңғы жылдары республикамыздың табиғаты бұрын-соңды болмаған экологиялық дағдарыстарға ұшырап отыр. Экологиялық дағдарыстың неғұрлым қауіпті көріністері: сарқылатын табиғат байлықтарын тиімсіз пайдалануы, ауаның ластануы, судың тартылуы, топырақтың тозуы, ормандардың азаюы, биосфераның зиянды қалдықтармен ластануы қоршаған табиғи ортаға үлкен зиянын тигізіп отыр.

Ендеше бүгінгі таңдағы мұғалімдерінің басты міндеттері – оқушылардың, студенттердің санасына Отанға, атамекенге, туған өлке табиғатына деген сүйіспеншілік сезімдерін оятып, ол арқылы туған өлке табиғатының байлығын сақтауды, оны аялап, қорғауды барынша насихаттап, үздіксіз жұмыс жүргізулері қажет. Осыған байланысты жастарға жаппай үздіксіз экологиялық білім мен тәрбие беру мәселесі мемлекеттік деңгейге қойылып отыр.

Туған өлке табиғатын қорғау және тиімді пайдалану, оны ластану мен бүлінуден қорғау үшін адамзатты жауапкершілікке тәрбиелеу, табиғатпен қарым-қатынас жасаудың азаматтық негіздерін қалыптастыру Отанға деген сүйіспеншілікке байланысты. Патриоттық сезімді тәрбиелеу өз Отаныңды терең танудан басталады. Бұл жайлы М.И. Калинин: «Отанына патриоттық сезімін тәрбиелеу дерексіз ұғымдарға емес, нақты заттарға негізделуі керек. Осыған орай біздің жеріміз, орман, тауларымыз, өзендер мен көлдеріміз, өндіріс орталықтары, біздің мектептеріміз – осылардың барлығы тәрбиелеудің құнды материалы болып табылады» – деп тұжырымдайды. Елінің нағыз азаматы болу үшін ең алдымен өз өлкесін, оның табиғатын, байлығын, тарихы мен мәдениетін, өнерін біліп, зерттеу қажет. Тек халықтың еңбек әрекетін, ауыл немесе қаланың экономикалық өмірін ғана емес, сонымен қоса өлкенің

орманды, далалы, таулы, шөлді жерлерінде не болып жатқанын білу керек. Ал туған өлкенің табиғатында оқушылар мен студентердің психологиялық, логикалық ойлау қабілетінің дамуына нақты ұғымдар мен түсініктердің қалыптасуына ықпалын тигізетін сарқылмайтын материалдары көп.

Өлкетану – мұғалімнің басшылығымен оқушылардың туған өлкесінің (мектеп маңын, ауыл, аудан, қала, облыс, өлке, Қазақстан) табиғи, тарихи, әлеуметтік және экономикалық жағдайларын жан-жақты зерттеуі. Осы арқылы оқу мен тәрбиені өмірмен, қоршаған ортамен тығыз байланыста қарастыруға болады.

Өлкетанудың зерттеу объектісіне: ауа, су, топырақ, өсімдіктер дүниесі, жануарлар дүниесі және сол өлкенің тарихы, мәдениеті, шаруашылығы жатады.

Туған өлке табиғатын зерттеудің ғылыми-педагогикалық негізін салған орыстың классик педагогы К.Д. Ушинский болды. Ол туған өлкені зерттеудің білімдік және тәрбиелік маңызын көрсетіп, оқытудағы «Отантану» ұстанымын ғылыми тұрғыда дәлелдеді. К.Д. Ушинский баланың бойында табиғатты қорғау сезімдерін оятып, оның адамгершілік, эстетикалық дамуындағы табиғаттың маңызын аша түскен. Ол: «Табиғатпен егесу, зиян келтіру жақсылыққа апармайды, адамға тек оның заңдылықтарын білу және оның табиғи күшін пайдалану ғана қалады» – деді.

Қазақстанда өлкетану білімінің алғашқы негізін салған – Шоқан Уәлиханов болды. Ол адамды табиғаттың туындысы деп ұғынып, орман мен тоғайды, өзен мен көлді, далалы мен таулы жерлердің тіршілік үшін қажеттігін, біртұтастығын байқаған. Ш. Уәлиханов қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрыптарын жете зерттеп, олардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін былай деп суреттейді: «Көшпелі қазақ халқы табиғаттағы кейбір аңдар мен құстарды киелі деп қастерлейді. Оларды «обал, сауап» деп, ұстамайды, атып өлтірмейді. Осындай құрмет тұту, ата-дәстүрін сақтау адам баласына бақыт пен байлық, құт пен береке әкеледі» - деп қазақ халқының өмірін табиғатпен жақын байланыстығын көрсетеді.

Өлкетану – қызықты және тірі мектеп. Өлкетану жұмыстарымен айналысқан мұғалімнің өзіне де өте пайдалы. Олар өз білімдері мен педагогикалық шеберліктерін тереңдетуге, оны әрі қарай дамытуға, сабақ әдістемесін түрлендіруге мүмкіндік алып, экологиялық білім мен тәрбие беруде нақтылық пен сенімділікті енгізеді. Өлкетану – бұл мұғалімдердің білімдерін жетілдірудің ең тиімді жолы.

Белгілі ғалым-географ А.С. Барков өлкетануды «кішкене елтану» ретінде қарастырады. Ол: «Өлкетану – бұл мазмұны мен зерттеудің жеке әдістері жағынан әртүрлі, бірақ өзінің тұтастығы жағынан өлкені ғылыми және жан-жақты тануға жетелейтін ғылыми пәндер жиынтығы» – деп тұжырымдайды /3/.

Демек, өлкетану негіздері дегеніміз - өз өлкеңді (ауыл, аудан, қала, облыс, республика) жан-жақты тану, оның қоғамдық өмірін, географиялық, экологиялық, экономикалық, демографиялық және табиғи, мәдени ресурстарын есепке алып зерттеу.

Өлкетану мен экологиялық білім берудің жолдарын жан-жақты зерттеген ғалым, академик, табиғаттың жанашыры Нұрғали Сарыбекұлы Сарыбеков (1934–1998 ж.) бүкіл ғұмырын табиғатты қорғау ісіне арнап, артында өшпес еңбектер қалдырды. Ол өзінің ғылыми ізденістері жолында табиғатты қорғаудың негізгі заңдарын мен табиғатты қорғауға тәрбиелеу формуласын жасап шығарды.

Табиғатты қорғаудың негізгі заңдары:

1. Табиғаттың тазалығын сақтау заңы.
2. Табиғаттың мол қазыналығын сақтау заңы.
3. Табиғаттың көркемдігін немесе сұлулығын сақтау заңы.

Академик Нұрғали Сарыбековтың пікірінше, аталған осы заңдарды адам баласы орындамайтын болса, онда табиғат олардың қажетін толық өтей алмайды. Бұл үш қасиеттен айырылған табиғат адам баласына өмірдің орнына – өлім, денсаулықтың орнына – жазылмас ауру, байлықтың орнына – жоқшылық, рахат көңіл-күйдің орнына – азап, сор әкеледі. Демек,

адамды табиғаттың жауы емес, досы етіп тәрбиелеп, табиғатты аялау, қорғау жұмыстарына жұмылдыру қажет.

Табиғатты қорғауға тәрбиелеу формуласы:

$$\text{Э} + \text{ТҚ} = \text{ТМП}$$

Бұл жерде:

Э-экология. Бұл терминді алғашқы рет 1866 жылы немістің ғалымы Эрнест Геккель енгізген. Экология дегеніміз - бұл тірі ағзалардың бір-бірімен және қоршаған ортамен қарым-қатынасын зерттейтін ғылым. Экология табиғатты қорғаудың ғылыми негізі.

ТҚ-табиғатты қорғау. Бұл қазіргі кезде жан-жақты өсіп келе жатқан көп аспектілі, комплексті ғылым. Ол табиғатты қажетімізге мейлінше пайдалану барысында, оны мәңгілікке таза, көркем, мол қазыналы қалпында сақтап қалудың жолдарын зерттейтін ғылым.

ТМП-табиғатты мәңгілікке пайдалану. Табиғатты мәңгілікке сақтап қалу үшін әр азамат экология мен табиғатты қорғау ғылымдарынан білім алған болуы керек. Егер осы талаптар орындалмаса, табиғат та, оның туындысы адам да жоқ болады.

Бұл формуладан біз табиғатты мәңгілікке пайдалану үшін экология мен табиғатты қорғау ғылымдарын түсініп, олардың талаптарын қатаң сақтау керектігін түсінеміз.

Тағдыр теңдеуі:

$$\text{Ж (ж)} = \text{Ж (қ)}$$

$$\text{А (ж)} = \text{А (қ)}$$

Бұл жерде:

Ж (ж) – жасалынған жақсылық.

Ж (қ) – шексіз қайтармалы жақсылық.

А (ж) – жасалынған арамдық.

А (қ) – шексіз қайтармалы арамдық.

Туған жер дегенде тұла бойы елжірмейтін адам жоқ. Сондықтан да қазақ халқы туған жерін, атамекенін арымен де, жанымен де жақсы көріп, ұл-қызындай аялай білген. Өлкетану – туған жер туралы халықтық білім ретінде байырғы заманда пайда болғаны бәрімізге мәлім. Өлкетанудың білім сапасын көтеруде ықпалы зор. Өлкетану негізінде оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие беру олардың дүниетанымын кеңейтеді, табиғи ортаға бақылау жасауды үйретеді, табиғат заңдылықтарын сақтауды ескертеді. Өлкетану жұмыстары оқушылар студенттердің терең білім алып, танымдық қызығушылығын арттырып, табиғи ортаға дұрыс көзқарасын қалыптастырады. Туған өлкенің қоршаған табиғатында оқушылар мен студенттер санасында табиғатты сүйюі, туған жерді қорғауы – Отанға деген патриоттық сүйіспеншілікті қалыптастырады /4/.

Экологиялық өлкетануда білім беру мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған міндеттердің қатарына оқушылар мен студенттер жергілікті деңгейде қоршаған орта мәселелерін шешуге ат салысуы да болады. Мұндай қажеттіліктерді мұғалімдер практикалық және педагогикалық негіздермен түсіндіреді. Біріншіден, студенттер қоршаған ортаны қорғау бойынша қоғамдық пайдалы еңбекке қатыса отырып, мектепте алған білімдері мен дағдыларын іс жүзінде асыруға мүмкіндік алады. Екіншіден, бұл студенттерге қоғамдық мәні бар экологиялық мәселелерді шешуге, жеке үлес қосатынын сезінуге, олардың пайда болу көздерін анықтауға және алдын алу шараларын жүргізуге мүмкіндік береді. Жергілікті деңгейдегі экологиялық мәселелерге сүйену, қоршаған орта, әлемдік экологиялық дағдарыс планета халықтарының өміріндегі сан түрлі мәселелерді нақтылауға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде экологиялық проблемалардың зардаптың көлемі ұлғаюына байланысты жас ұрпақтың экологиялық көзқарасын қалыптастыру қажет. Ол үшін экологиялық білімді игеруі жоғары оқу орнында оқу-тәрбие жұмысында екі түрлі бағытта жүргізіледі /5/.

Біріншіден, сабақты оқытудың барысында экологиялық мәселелердің бір-бірімен байланыстылығын ғылыми негізде қабылдаса, екіншіден, аудиториядан тыс уақытта жүргізілетін тәрбие жұмыстары нәтижесінде олар табиғатпен қайта түлеген ортаға тиімді ету жөніндегі нақты білім мен тәжірибені меңгереді. Сондықтан экологиялық білім беруге әртүрлі әдіс-

терді пайдаланамыз. Оларға табиғатқа экскурсия, экологиялық үйірме, туристік жорықтар және аудиториядан тыс жұмыстар жатады. Аталған жұмыстар студенттерге экологиялық білім мен тәрбие берудегі қоршаған ортаның жай-күйі үшін азаматтық борышын қалыптастыруды қамтамасыз ететін ғылыми білім, шеберлік, көзқарас пен сенім жүйесін орнықтыру болып табылады.

ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010.

2 Назарбаев Н.А. Казахстан-2030: процветание, безопасность и улучшение благосостояние всех казахстанцев. 1997.

3 Кучер Т.В. Экологическое образование учащихся и обучение географии. – М. Просвещение, 1990.

4 Коротаяева Е.В. Обучающие технологии в познавательной деятельности студентов. – М., 2003

5 Абенбаев С.Ш. Оқушы жастарға эстетикалық тәрбие беруді жетілдіру. – А., 1992.

ВОСПИТАНИЕ ПАТРИОТИЗМА И ГРАЖДАНСТВЕННОСТИ КАК ОСНОВНОЕ НАПРАВЛЕНИЕ ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ

Петренко Е.А.,

СШ № 115, г. Костанай

Рубеж веков в общественном сознании отмечается обострением проблемы формирования духовности и духовной личности. Гипертрофия эгоизма, культура индивидуализма становится более привычной в сфере межличностного общения, ценности прошлых лет сменились иными духовными ориентирами, добро, истина и красота постепенно отодвигаются на периферию жизни. Образование же – это неразрывное единство обучения и воспитания. И в этих условиях современная школа должна стать новым важнейшим фактором гуманизации общественно-экономических отношений, формирования жизненных установок личности. Развивающемуся обществу нужны не только высокообразованные, но и нравственно богатые, предприимчивые люди, которые могут самостоятельно принимать ответственные решения в ситуации выбора, прогнозируя их возможные последствия, способны к сотрудничеству, отличаются мобильностью, динамизмом, конструктивностью, обладают развитым чувством ответственности за судьбу страны.

Это один из тезисов концепции модернизации казахстанского образования. В последние годы образование все чаще рассматривается как одно из самых необходимых общественных благ. Действительно, роль образования, включающего в себя воспитание, обучение и развитие, очень велика. Не случайно воспитание стоит в первом ряду. Не только ум, знание, компетенции, практические навыки, но и душа, чувства, телесное и духовное здоровье, смысл жизни, стратегия поведения и конкретные поступки являются предметом воспитательной деятельности.

Должное воспитание – это главная предпосылка к динамичному развитию и расцвету общества. Еще 200 лет назад А.С. Пушкин заметил, что все беды происходят по одной причине – из-за отсутствия воспитания. Д.И. Менделееву принадлежат слова: «Знание без воспитания – это меч в руках сумасшедшего». Искусство воспитания имеет ту особенность, что почти всем оно кажется делом знакомым и понятным, иным делом легким, и тем понятнее и легче кажется оно, чем менее человек с ним знаком, теоретически или практически. Почти все признают, что воспитание требует терпения, но весьма немногие пришли к убеждению, что кроме терпения, врожденной способности и навыка необходимы еще и специальные знания. Самое главное для успешного претворения в жизнь основных идей казахстанской концепции модернизации образовательного процесса в целом и его важнейшей составляющей – воспитания – это личность учителя-воспитателя, его отношение к детям, работе. Как гласит